

М.С.ЖОЛШАЕВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АСПЕКТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

В статье рассматривается одна из актуальных проблем тюркской аспектологии категориальный статус категории характера протекания действия в казахском языке. Категория аспектуальности в этом плане интересна прежде всего, своей сложностью как в семантическом плане, так и в формально-функциональном плане. К этому следует добавить, что, несмотря на значительное количество исследований по казахскому глаголу, статус категории характера протекания действия еще не получил однозначного толкования. Преобладание аналитических форм выражения аспектуальности, в которых участие принимает большое количество разнообразных по семантике вспомогательных глаголов (при этом до сих пор не выявлено, какие вспомогательные глаголы с какими семантическими группами основных глаголов сочетаются и какие типы аспектуальной семантики при этом формируются) – все это определило актуальность и выбор данной категории в качестве объекта.

Makalede Kazak dilindeki hareket sürecinin dil kategorileri incelenmekte olup bu kategorilerin anlam, fonksiyon ve şekilleri söz konusudur. Kazakça fiiliyle ilgili çalışmalarda halen hareket süreci iyice yorumlanmamıştır. Bu yüzden yapılan araştırmamızda bu konu açıklanmıştır.

Бүгінгі түркологиядағы лингвистикалық зерттеулер ғылыми парадигманың үшінші сатысы деңгейінде жүргізілуде. Бұл тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, тарихи өзгерістердің куәсі және сол ақпараттарды бойында сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құрал немесе дереккөз ретінде танумен байланысты болса керек. Дегенмен, ұлттық тілдің табиғатын және құрылымдық жүйесін дұрыс әрі толық тану үшін таза тілдік зерттеулердің қажеттігі талас тудырмайды.

Түркітанымдағы өзекті саналатындардың бірі - аспектологиялық бағыттағы мәселелер. Қай тілде болмасын, оның ішінде түркі тілдерінде, қазақ тілінде де аспектуалды семантика коммуникативтік процесте маңызды рөл атқарады. Өйткені коммуникацияда қолданыс жиілігі жағынан да, қолданыстағы белсенділік сипаты жағынан да бірінші кезекте етістіктер тұрады. Түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тілінде де етістіктің аспектуалды семантикасын жасайтын негізгі тілдік құрылымдарға етістіктің аналитикалық формалары жатады. Оның тұрпаты мен мазмұны тілде қимылдың өту сипаты категориясы арқылы көрінеді. Қимылдың өту сипатына қатысты өзекті мәселе ретінде екі нәрсені атап өтуге болады: *біріншісі* - мұның (қимылдың өту сипаты) тілдік категориялар жүйесіндегі орны мен тілдік категориялық статусы қандай

болу керек; *екіншісі* - етістіктің аналитикалық формасы арқылы берілетін аспектуалды семантиканың түзілу механизмдері қандай деген мәселе. Бұл екі мәселенің де туындауы түркі тілдеріндегі етістік сөз табының грамматикалық сипатының күрделілігімен байланысты болып келеді. Біз мақала көлемінде түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының категориялық мәртебесіне тоқталамыз. Әрбір ғылым белгілі бір тәсілмен ұйымдасқан ортақ қасиетке ие ұғымдар жиынтығы – категорияларға негізделеді. Лингвистикада тілдік жүйе элементтері ортақ қасиеттері мен белгілері негізінде өзара топтасып, категория құрайды. Сөйтіп, жалшы ерекшеліктері негізінде бірігетін тілдік элементтердің кез келген тобы категория деп түсіндіріледі. Тіл элементтері бір-бірімен байланысып жатқан және өзара қарым-қатынаста болатын иерархия құрайтын күрделі жүйе түзеді десек, кез келген жүйенің құрылымы болатыны белгілі. Жүйелі-құрылымдық нәрсенің ішкі жіктелісі жүйе элементтерінің өзара байланысы, олардың бір-біріне қатысы т.б. тұрғысынан айқындалады. Сол себепті тілдік бірліктердің топтарға, категорияларға жіктелу негіздемесі әр түрлі болып келеді. Болмыстың концептуалды бейнесі тілде түрлі жүйеден көрінеді: мәселен, пынайы құбылыстардың сөз атауларында көрінуі; белгілі бір жүйеге түскен формалар арқылы берілуі және т.т.. Соңғысы грамматикалық категорияларға қатысты. Грамматикалық категория және олардың типологиясына қатысты мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл орайда С.Д.Кацнельсон, И.И.Мещанинов, В.Г.Адмони, В.Н.Ярцева, А.В.Бондарко, С.Исаев, Ы.Маманов және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Грамматикалық категория термині тар мағынада морфологиялық категория деген ұғымда қолданса, ал кең мағынада грамматикалық категория морфологиялық және синтаксистік категорияларға ажыратылады.

Қимылдың өту сипаты – белгілі бір уақыт ішіндегі іс-әрекеттің жасалу ерекшеліктері мен оның басталу, жасалу үстіндегі, аяқталу сипатын қамтитын категория. Аталған категорияны теориялық тұрғыдан негіздеген қазақ тіл білімінде және жалпы түркітанымда Н.Оралбаева болатын. Қимылдың өту сипаты категориясының мазмұны, негізінен, жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы аналитикалық тәсілмен беріледі. Қимылдың өту сипатының семантикалық типтерін анықтауда аналитикалық форманттардың мағыналарына ғана емес, олар тіркесетін етістіктің лексикалық мағынасына, оның қандай лексика-семантикалық топқа жататындығына, оның тұлғасына көңіл аудару қажет. Соның негізінде қимылдың жасалуындағы түрлі мағыналық реңктерді толық айқындауға болады. Бұл – жетекші етістік пен көмекші етістіктің бір-бірімен семантикалық және синтаксистік жағынан үйлесімді байланысуын, валенттілігін қарастыру деген сөз. Аналитикалық тәсіл қазақ тілінде қимылдың түрлі реңктерін беруде ерекше орын алады. Бұл сипатына қарай

Б.Қапалбеков оны синтаксистік категория деп біледі [1, 61]. Осымен байланысты бұл тұста туындайтын мәселе – аталған категорияның тілдік мәртебесін айқындау қажеттігі. Өйткені қазақ тілінде, түркітанымда қимылдың өту сипаты категориясы әр қилы танылып жүр:

1) грамматикалық категория (А.Бісқақов; Н.Оралбаева). Мұнда грамматика термині тар ұғымда қолданылып, морфологиялық категория деген ұғымды береді ;

2) семантика-синтаксистік категория (М.Б.Балақаев). Ғалым түркі тілдеріндегі грамматикалық вид категориясына қатысты үлкен жиында сөйлеген сөзінде қазақ тіліндегі етістіктердің әр түрлі сипаты морфологиялық емес, семантика-синтаксистік сипатқа ие болғандықтан оны жай сөйлем синтаксисінде қарастыру туралы ұсыныс айтқан болатын;

3) семантикалық категория (В.Н.Насилов). Оның түсіндіруінде бұл категория біріншіден, қимылды не қалыпты білдіруде етістіктің сапалық-сандық сипатын көрсететін семантикалық категория; екіншіден, қимылдың дамуы мен жасалуының кеңістік бойындағы емес, уақыт бойындағы өту сипаты болып табылады;

4) синтаксистік категория (Б.Қапалбеков). Оның мұндай тұжырым жасауына қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тілінде морфология деңгейінде жүйеге түскен түрлену парадигмасының болмауы негіз болған. Сондықтан сөздердің тіркесімі (аналитикалық формалар) арқылы берілетін бұл категорияны ол синтаксистік категория деп таниды. Біздің бұл топтамадағы грамматикалық категория дегенге қатысты айтарымыз, қазақ тілінде қимылдың өту сипаты грамматикалық категорияларға қойылатын талаптарға жауап бере алмайды.

Біз қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясын – лексика-грамматикалық категория деп танимыз. Лексика-семантикалық категория лексикалық мағынаға негізделсе, ал грамматикалық категория сәйкесінше грамматикалық мағынаға негізделеді. М.Д.Насилов лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның өзара тіркесімі қарашайым механикалық процесс ретінде бағаланбауы тиіс, өйткені ол әрбір морфемаға бекітілген ақпараттармен байланысты екендігін айта келе, «бұл процесте негіздің мағынасын, морфологиялық көрсеткіштің мағынасын, сондай-ақ, екі мағынаның өзара әрекеттестігінен туындайтын нәтижені, яғни түбірдегі нақтылық (лексикалық мағына) пен аффикстегі жалпыдан (грамматикалық мағына) пайда болған синтезделген *жаңа бүтіннің* мағыналарын білу қажет. Әрине, мұның артында коммуникативтік салада күрделі тілдік таңба түрінде көрінетін ойлаудың белсенді танымдық-интерпретациялық қызметі тұр», – деп жазады [2, 47].

С.Исаев грамматикалық категорияны екіге бөліп қарайды: лексика-грамматикалық категория және таза грамматикалық категория [3, 64]. Таза грамматикалық категория деп отырғаны – морфологиялық

категория. Ғалым мұнда түбір семантикасын өзгертпей, оған ешқандай қосымша мағына үстемей, таза грамматикалық мән немесе мағына үстейтін шартты негіз етіп алады. Ал лексика-грамматикалық категорияларда жалғанған қосымша түбірдің лексикалық мағынасына өзгеріс енгізеді. Сөйтіп, лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттарына қарай олар таза грамматикалық категориялардан ерекшеленеді. Автор екінші топтағы категориялардың қатарына етістіктің етіс формаларын, болымсыз етістікті, салттылық/сабақтылық категориясын және күшейтпелі етістік тұлғаларын немесе көріністі жатқызады. Бұл тұста автордың күшейтпелі етістік немесе көрініс деп отырғаны, біздіңше, қимылдың өту сипаты категориясына қатысы бар сияқты. Алайда еңбекте қимылдың өту сипаты термині қолданылмайды және бұл категория туралы ешқандай мәлімет берілмейді.

Лексика-грамматикалық категория ерекшеліктері грамматикалық категориямен салыстырғанда айқын байқалады және сол негізде оның өзіндік белгілерін көрсетуге болады. Мәселен, етістіктің болымдылық тұлғасы мен болымсыздық тұлғасының мағынасын бір дей алмаймыз: *бар* – *барма*; *айт* – *айтпа*. Мұнда болымсыздық қосымшасы *-ма/-ме (-ба/-бе, -па/-пе)* жалғанған сөздің лексикалық мағынасына болымсыздық мәнін үстеп тұр. Сонда лексика-грамматикалық категорияда грамматикалық категорияға қарағанда лексикалық мағына басымдық сипат алады. Басқалай айтқанда, грамматикалық категорияда грамматикалық мағына жасайтын форма түбір мағынасына ешқандай өзгеріс, ешқандай мән қоса алмайды, тек қана грамматикалық мағына үстейді. С.Исаев лексика-грамматикалық категория деп танудың негізгі белгілеріне оның тұлғалық сипатын да қосады. Бұл орайда лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші болып табылатын тұлғаның екінші жақ бұйрық раймен тұлғасы жағынан сәйкес келетіндігін және тікелей жіктелмеуін негізге алады. Жоғарыдағы болымды/болымсыз етістік тұлғаларына келсек, *бар* – *барма*; *айт* – *айтпа* сөздері бұйрық райдың екінші жағына тұлғасы жағынан сай келеді. Ал енді оларды жіктік жалғауларымен түрлендірсек, тікелей түрленбейді, *бар* – *барма + мын (+сың)*; *айт + мын (+сың)* – *айтпа + мын (+сың)* тұлғасында ешүақытта айтылмайды. Бұл олардың «түбір» қалпында сөйлеуде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсе алмайтындығын көрсетеді. Сонымен, лексика-грамматикалық категорияның мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады: 1) мазмұн тұрғысынан келгенде лексика-грамматикалық категория көрсеткіштері жалғанған сөздің лексикалық мағынасына сәл де болса семантикалық өзгеріс енгізеді; 2) тұлғалық жағынан келгенде, лексика-грамматикалық категория көрсеткіші жалғанған сөздің түбірі: *біріншіден*, тұлғасы жағынан бұйрық райдың екінші жағымен сай келеді; *екіншіден*, тікелей жіктік жалғауын қабылдап, түрленбейді.

Қазақ тіліндегі морфология деңгейінде қарастырылып жүрген кейбір грамматикалық категориялар (тар мағынада) жоғарыда аталған талаптарға толық сай келе бермейді. Мәселен, категорияларға жіктеуде ұстанатын таза формальді белгілер тұрғысынан келгенде қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясы осыған дәлел бола алады. Өйткені: *біріншіден*, бұл категорияның негізгі көрсеткіштері саналатын аналитикалық форманттар барлық етістіктерге жалғанып, абстракция жасай алмайды. Бұл – олардың грамматикалық (морфологиялық) категорияға қойылатын талаптар деңгейінен пыға алмайтындығына дәлел. Егер аналитикалық форманттар қимылдың өту сипаты грамматикалық категориясының грамматикалық көрсеткіштері болса, онда тілдегі барлық етістіктерге жалғанып, олардың түрлену жүйесі ретінде қаралуы керек. Мысалы, етістіктерді *-II жібер* формантын түрлендіріп қарайық: амал-әрекет етістіктеріне (*ішін жібер, жасап жібер*) жалғанып, тез жасалған қимылды білдірсе, қозғалу етістіктерімен (*келіп жібер, ұшып жібер*), қарым-қатынас етістіктерімен (*қоштасып жібер, сәлемдесіп жібер*), сезіну етістіктерімен (*пайымдап жібер, сезіп жібер*), ойлау етістіктерімен (*ойлап жібер*), эмоционалды етістіктермен (*қуанып жібер, қайғырып жібер*) және қалып етістіктерімен т.б. түрленіп айтылмайды. Яғни талғап жалғанады. Бұл тұрғыдан келгенде, талғампаздық қасиетімен ерекшеленетін сөзжасамдық қосымшаларға ұқсас келеді. Бұл грамматикалық категория көрсеткіштерімен салыстырғанда айқындала түседі. Мәселен жоғарыдағы етістіктерді грамматикалық шақ категориясының өткен шақ көрсеткіштерімен түрлендіріп көрейік: *ішті – ішін жіберді; жасады – жасап жіберді; келді; барды; ұшты; сәлемдесті; мәз болды; қайғырды*. Жалпы қимылдың түрлі жасалу тәсілдерін білдіретін көрсеткіштердің етістіктердің белгілі бір тобына ғана талғап жалғану жайын Н.Оралбаева олардың (бұл категория көрсеткіштерінің) өзіндік ерекшелігі деп көрсетеді және бұл ерекшелікті етістіктердің семантикасымен байланыстырады. *Екіншіден*, аналитикалық форманттар өзара оппозиция құрамайды. *Үшіншіден*, аналитикалық форманттардың мағына реңктерін берудегі мүмкіндігі орасан зор. Жалпы мағынаның мағыналық реңктері сөйлеу мақсатында туындайды. Мұндай сөйлеуде көрінетін мағыналық реңктерді беруге аналитикалық тәсіл өте икемді келеді. Көмекші етістіктер негізгі етістіктерге тіркескенде жетекші етістіктің лексикалық мағынасына сәл де болса өзгеріс енгізеді, оған семантикалық реңк жамайды. Ол семантикалық реңкті аналитикалық формалы етістік мағынасын жетекші етістіктің лексикалық мағынасымен тең дәрежеде алып қарауға болмайды. Мысалы: *оқы* етістігі белгілі бір таңбамен таңбаланған жазуды көру және соның нәтижесінде дыбыстау мүшелері арқылы ондағы ақпаратты жеткізетін амал-әрекет етістігі болып табылады. Осы етістікке *-II шық, -II ал, -II бер* аналитикалық форманттарымен түрлендіру нәтижесіндегі *оқып шық, оқып ал, оқып бер* етістіктерінің мағынасы бір-бірінен ерекшеленеді, бірінде бар

семантикалық реңк екінші етістік бойында жоқ. Мысалы: *Мен газетке жарияланған «Шәкеннің қылмыстары» дегенді түгел оқып шықтым* (Қ.Жұмаділов); *Жарғы бетке толар-толмас хатты мен оған үш қайтара оқып бердім* (Д.Исабеков); *Қажетті материалдарды осы кітаптан оқып аласың* (Б.Сатыбалдыұлы) деген сөйленімдерде бір ғана оқу әрекетіне қатысты мағыналық жағынан бірін-бірі қайталамайтын үш түрлі қимыл қамтылған. Егер *-п шық* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бастау аяқ орындалғандығын, аяқталғандығын білдірсе, *-п бер* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бөгде біреу арқылы екінші адамға қарата іске асырылғандығы мағынасымен қоса, амал-әрекеттің аяқталғандығын да білдіреді. Бұл аналитикалық формант арқылы берілетін іс-әрекеттің біреу арқылы жүзеге асу мағынасы *-п шық* формантының бойында жоқ. Ал *-п ал* аналитикалық форманты іс-әрекетті субъектінің өзінің орындай алу мүмкіндігі мағынасын білдіруі арқылы оқу әрекетін субъектінің өзі жүзеге асыратындығын көрсетіп тұр. Сонымен, *оқы* етістігі арқылы берілетін қимыл семантикасы мен *оқып шық, оқып бер, оқып ал* етістіктері семантикасында өзіндік айырмашылықтар бар. Соңғы жағдайда оқу әрекеті түрлі қосымша семантикалық реңктермен қабат келген. Грамматикалық көрсеткіштер жалғанған етістіктің лексикалық мағынасына ешқандай әсер етпейді, тек грамматикалық мағына ғана үстейді. Мысалы, *оқы* етістігін грамматикалық шақ көрсеткіштерімен түрлендірсек, өткен шақ: *оқыды*; осы шақ: *оқып жатыр*, келер шақ: *оқиды* дегенде етістік тек грамматикалық мән ғана иеленген. Яғни оқу әрекетіне сөйлеу сәтіне қатысты орындалу мерзімі мағынасы қосылған. **Төртіншіден**, лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші жалғанған етістік тұлғасы тікелей жіктік жалғауын қабылдамайды. Олар етістіктің шақ, рай көрсеткіштерін қабылдап барып қана жіктеледі. Бұл тұжырымды қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар мәселесін арнайы зерттеген ғалым Н.Оралбаеваның мына пікірі негіздей түседі: «қимылдың өту сипатының форманттары жіктік жалғауының толық және қысқа түрлерімен ешқандай тікелей тіркеспейді, олардың арасында рай көрсеткіштері тұрады» [4, 126]. **Бесінші** ерекшелік лексика-грамматикалық категория көрсеткіштерінің етістік түбіріне қосылу тәртібі немесе орнына қатысты болып келеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, категорияларға жіктеуде ұстанатын таза формалды белгілер тұрғысынан қимылдың өту сипаты таза грамматикалық (морфологиялық) категорияларға қойылатын талаптар деңгейінен шыға бермейтіндіктен, оның тілдік категориялық мәртебесі көрсеткіштерінің семантикалық ерекшелігі, тұлғалық сипаты мен түрлену жүйесіне қарай айқындалуы керек. Бұл категория көрсеткіштерінің мағынасы грамматикалық мәнге қатысты шеңберден асып кетпейтін және сөзжасамдық деңгейге ене алмайтын ерекшелігіне байланысты «аралық құбылыс» деп танылып, қимылдың өту сипаты лексика-грамматикалық

категория ретінде қаралады; аналитикалық форманттар арқылы берілетін аспектуалды семантика түрлері олардың жалаң өзіне қатысты емес, тіркесетін жетекші етістіктің лексикалық мағынасы мен формасын есепке ала отырып айқындалуы тиіс. Бұл аналитикалық формалы етістіктерге семантикалық талдау жүргізуде екі компоненттің семантикасы мен тұлғасын кешенді түрде тұтастықта алып қарастыруға, олар беретін семантиканың толық көрінуіне жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қапалбеков Б. Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы 1 (143). – Алматы: Ғылым, 2004. – №1. – 59-62 бб.
2. Насилов Д.М. Проблемы тюркской аспектологии. Акциональность. – Л.: Наука, 1989. – 208 с.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 305 б.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.

REZUME

M. ZHOLSHAEVA (Almaty) PROBLEMS OF ASPECT IN TURKIC LANGUAGES

The category of action of the verb in the Kazakh language does not fully meet the requirements of the pure grammatical (morphological) categories. The status of this category must be defined as a lexical-grammatical one as it depends on the peculiarities and grammatical forms of all components, and the system of transformation of its indices. The category of aspect is of great interest first of all, by its complexity both in semantic as well as formal-functional fields. We can add that despite the considerable amount of research on the Kazakh verb, the status of the category, which shows the action, has not yet been mono-semantically interpreted.